

Техникалық сипаттама**(ЛОТ № 17)**

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Компьютер жиынтықта	Форм-фактор – Tower; Процессор – кемінде 14-ші буындағы Intel Core i5 (кемінде 16 ядро, жиілігі 5,0 ГГц және одан жоғары); Жедел жад – кемінде 32 ГБ DDR5, кеңейту мүмкіндігімен; Жинақтауыш – кемінде 512 ГБ SSD NVMe; Бейне карта – дискретті NVIDIA GeForce RTX (кемінде RTX 4060 8 ГБ немесе жоғары, DirectX 12 қолдауы, HDMI және DisplayPort шығыстары болуы тиіс); Графикалық интерфейстер – HDMI, DisplayPort (кемінде 2 дана); Желі – Gigabit Ethernet (RJ-45), кірістірілген Wi-Fi 6, Bluetooth 5.2 немесе одан жоғары; Интерфейстер – кемінде 6 × USB (оның ішінде USB 3.2 Gen 1/Gen 2), 3,5 мм аудио ұяшықтары; Куат көзі – кемінде 500 Вт; Операциялық жүйе – алдын ала орнатылған Windows 11 Pro (лицензияланған); Жинақтама – жүйелік блок, монитор (кемінде 23,8" Full HD IPS), пернетақта, тінтуір, қуат сымы; Корпус түсі – қара.	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры**А.Ошибаева****Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңес басшысы****А.Айымбетова****Ғылым департаментінің жетекші маманы****Т.Джатаев****ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ****Құны және жеткізу шарттары**

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері енгізілуі тиіс.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растьады және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологи ялық, табигатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақасыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Авансстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушиден авансстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушиңің азаматтық-құқықтық жаупкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.